



# Пайыздар: Салық жеңілдіктері

## Сабақтың негізгі мазмұны

Бұл фильмде табыс салығының механизмі түсіндіріледі: әлем бойынша барлық елдерде оның қалай жиналатындығы, олардың өсу жиілігі, яғни сіз қанша көп табыс тапқан сайын, сонша көп салық төлейсіз деген түсінік сипатталады. Өртүрлі елдердегі мөлшерлеме мысалдары берілген. Фильм салық мөлшерінің көптігі білім беру, медицина және басқа да қоғамдық қызметтерге мемлекет тарапынан көбірек ақша бөлініп, нәтижесінде қызмет сапасы жақсарады деген қорытындыға келеді.



Бұл фильмді көруге пайыздарға қатысты ешқандай арнайы білім талап етілмейді. Алайда экономикалық теориялар туралы бастапқы білімнің болғаны дұрыс.

## Негізгі нәтижелер

### Сабақтың негізгі мақсаттары

- Сандарды күнделікті өмірде, үйде және қоғамдық ортада қолдана білу.
- Дүние жүзі елдерінің басым көпшілігінде табыс салығының қалай жиналатынын түсіну.
- Прогрессивті салық салу жүйесі ұғымын түсіне білу.

### Ұсынылатын жаттығулар

- Пайыз бойынша салықтық мөлшерлемелерді бөлшектерге және ондық көбейткіштерге түрлендіріңіз.
- Өртүрлі салық салу жүйесіндегі, табыстың өртүрлі сатыларындағы жиналатын салықты есептеңіз.
- Табыс бөлінуі жөніндегі берілген ақпарат бойынша салықтың көрсетілген жалпы сомасын жинақтау үшін балама салық мөлшерлемесін жасақтаңыз.

## Қосымша нәтижелер

### Сабақтың негізгі мақсаттары

- Табыс салығының жай ғана заманауи экономикадағы салық жинаудың бір түрі екенін түсіну.
- Салық жинаудың қазыналық саясаттың құрамдас бөлігі екенін және мемлекеттің қазыналық саясат пен ақша-несие саясаты арасындағы айырмашылықты түсіне білу.

### Ұсынылатын жаттығулар

- Өртүрлі табыс топтары үшін берілген пайыздық мөлшерлемеге сәйкес табыстың өртүрлі деңгейлеріндегі орташа салық мөлшерлемесін есептеңіз.
- Салынатын салықтың өртүрлі түрлері мен өр түрде жиналған табыстың салыстырмалы санын зерттеңіз.
- Мемлекеттің ақша-несие саясатын зерттеп, ақша-несие саясатының өртүрлі көрсеткіштер түрін анықтаңыз.



Табыс салығы – табысқа пайыздық үлеспен салынатын салық.

## Ұқсас фильмдер



Сабақ жоспарына дейін қолдану:

### Пайыздар: Балқарағай торғайының қоректенуі

Бұл фильмде санның пайызы деген ұғым түсіндіріліп, ықтималдық пен оның толықтауышы арасындағы негізгі қатынастың қолданылуы көрсетіледі.

Сабақ жоспарынан кейін қолдану:

### Сіз АҚШ-тан да көп қарыз бола аласыз ба?

Бұл фильмде пайыздардағы созылмалы өзгерістердің үлкен мөлшердегі қарызға әкеліп соғу мүмкіндігі сипатталады.

### Банктердің ішінара жинақтық қор жүйесі

Бұл фильм қарыз алу экономикасы мен банктің несиелендіруі туралы кіріспе жасайды.

## Сабақ жоспары

### Кіріспе

Оқушылардан оқуды аяқтаған соң қанша табыс табуды ойлайтынын немесе қалайтынын біліңіз. Табыстың айлық мөлшерлемесін аударып, олардың ақшаны қалағанынша жұмсау үшін, қанша қаражат табуды көздейтінін сұраңыз. Есептеулерді салыстырыңыз.

### Фильм көрсету



### Пайыздар: Салық жеңілдіктері

### Негізгі жаттығулар

#### Негізгі деңгей

Оқушыларға өз елдеріндегі табыс салығын толық сипаттап беруін сұраңыз. Содан соң оларға пайыздық салық мөлшерлемесін бөлшекке немесе ондық көбейткішке ауыстыруды тапсырыңыз. Өрі қарай әртүрлі табыс мөлшерлерін алып, оларға салынатын салықты анықтау үшін бар мәліметтерді қолданыңыз.

#### Тереңдетілген деңгей

Оқушыларды ұлттық шоттарға кіру мүмкіндігімен қамтып, жыл сайынғы мемлекет тарапынан көбейтілетін табыс салығының жалпы түсімдерін анықтаңыз. Түсімдердің қанша пайызы табыс салығынан келетінін есептеп, басқа да негізгі көздерді анықтаңыз. Әртүрлі салық жинау түрлерінің жақсы және жаман жақтарына шолу жасаңыз.

## Қосымша жаттығулар

### Негізгі деңгей

Оқушыларға жыл сайынғы мемлекет тарапынан көбейтілетін салықтық мөлшерлеме табысының жалпы сомасын айтыңыз. Әрі қарай табыс деңгейінің нақты көрсеткіштерін децилмен көрсетіңіз. Оқушылардан дәл сол табыс құнын көбейту үшін әртүрлі табыс деңгейлері үшін балама табыс салығының мөлшерлемесін ойлап табуын сұраңыз. Олардың қай табыс салығы мөлшерлемесінің жүйесін қолдайтынын және неліктен екенін біліңіз.

### Тереңдетілген деңгей

Салықтың мемлекетпен басқарылатын қазыналық саясаттың бір бөлігі екенін түсіндіріңіз. Қазыналық саясат ақша-несие саясатына қарама-қарсы. Ол экономикадағы ақша ұсынысының жалпы көлеміне байланысты. Оқушыларға ақша-несие саясатын зерттеп, оның мемлекет пен орталық банктер қолдана алатын деңгейлерін анықтауды тапсырыңыз.

## Міндетті емес қосымша тапсырмалар

Бұл фильм табыс салығының көп елде білім беру, медицина және басқа да қоғамдық қызметтерді қаржыландыруға жұмсалатындығын алға тартады. Оқушыларға осы және басқа да қызметтерге жұмсалатын мемлекеттік шығындардың мөлшерін зерттеуді тапсырыңыз.



Табыс салығы әлем бойынша, Біріккен Араб Әмірлігінде 0% мөлшерлемеден бастап, Голландиядағы 52%-ға дейін құбылады.